

**ЖШС «Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының меңгеруші
жанындағы кеңесі отырысының хаттамасы №2**

20.10.2021 жыл

Шымкент қаласы

Төрайымы - К.Джаксибаева

Хатшысы - Д.Турлыбек

Қатысқандар – 11

Күн тәртібі

1. Вариативтік жоспарлау
2. Оқу жылының басында балалардың дамыту құзыреттілігі мониторингінің нәтижесі (салыстырмалы бақылау).
3. Тамақ ішу кезіндегі мәдени-гигиеналық ережелерді тәрбиелеу (жедел бақылау).
4. Сабақтардағы оқу материалының мазмұнын жобалау-зерттеу қызметін сапасы (жедел бақылау).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталық меңгерушісі К.Джаксибаева ұйымдастырылған оқу қызметінің бекітілген кестесіне және вариативтік компоненттердің орындалуы бойынша бақылау нәтижесіне тоқталып өтті. Вариативтік компонент бойынша сағат сандары оқу жүктемесіне сәйкес беріліп отыр. Осы бөлінген вариативтік сағаттар бойынша жоспарға сәйкес жұмыстар жоспарланған.

Екінші және төртінші мәселелер бойынша балалардың дамыту құзыреттілігі бойынша жүргізілген мониторингтің нәтижесі мен сабақтардағы оқу материалдарының мазмұнының сапасы бойынша жүргізілген жедел бақылау нәтижелеріне тоқталды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда сәл де болса ілгерушіліктің барлығын аңғартады.

Сондықтан 4-5 және 3-4 жас аралығындағы балалармен көбірек қосымша жұмыс жүргізуді талап етеді. Осыған орай, сабақтар бойынша тапсырмалардың электронды нұсқалары берілді. Сабақтарда қолданылатын оқу материалдары толығымен бар, әрбір сабақ сайын қосымша материалдарды толықтыруды қажет етеді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша орталық медбикесі тамақ ішу кезіндегі мәдени-гигиеналық ережелерге тоқтала келе топтарда кейбір талаптардың орындалмай отырғандығын айтты. Балалардың тамақтану кезінде біркелкі отыруы, тамақты төкпей-пашпай жеулері, тамақтанар алдында қолдарын жууы және тәрбиеші көмекшілерінің халат пен калпақтарының болуы, ыдыс аяқтарды талапқа сай жуып сақтаулары жөнінде тоқталып өтті.

Сөз сөйлегендер:

1. Тәрбиеші А.Ахмадияр сабақтарда қолданылатын оқу материалдары толығымен бар, әрбір сабақ сайын қосымша материалдарды дайындап отырамын, вариативтік сағаттар кесте бойынша жүргізіледі. Балалардың қызығушылығы арта түсуде.

Қаулы етті:

- ## Төрайымы

Хатшысы

Д.Турлыбек

